



ТЕПЕ-ТЕҢДІК ПЕН
ТЕЖЕМЕЛІЛІК:
Маңызды ұсыныстардың
мәні неде?

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №7 (6685) 23 қаңтар, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

БАС ТАҚЫРЫП

АҚШ ПРЕЗИДЕНТІ АЛҒЫС АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Бейбітшілік кеңесінің Жарғысына қол қойды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 22 қаңтарда Швейцарияның Давос қаласында өткен халықаралық форумға қатысты. Онда Бейбітшілік кеңесінің Жарғысына қол қойды. АҚШ Президенті Дональд Трамптың бастамасымен құрылған Бейбітшілік кеңесінің Жарғысына Қазақстанмен қатар 18 елдің басшылары мен өкілдері қол қойған.

Қол қою рәсімі кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен АҚШ президенті Дональд Трамп арасындағы қысқа диалог әлемдік ақпарат құралдарының назарын өзіне бұрды. Кейін Президенттің баспасөз қызметі мемлекет басшылары арасындағы қысқа әңгіменің мазмұнына қатысты мәлімет таратты.

«Бірқатар БАҚ өкілдері Давоса өткен Бейбітшілік кеңесінің Жарғысына қол қою рәсімінде Мемлекет басшысы мен Америка Президенті арасындағы қысқа әңгіменің мазмұнына қатысты сауал жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Давос форумында таратылған «Президент Дональд Трамптың 365 күн ішіндегі 365 жеңісі» деп аталатын ресми құжаттың 177-тармағында Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылғаны жетістік ретінде көрсетілгеніне назар аударды.

Бұдан бөлек, Президент Америка көшбасшысына ақыл-парасатқа негізделген ішкі саясатты жүзеге асыруда табыс тіледі.

Дональд Трамп Бейбітшілік кеңесін құру туралы бастамасына қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты», – делінген ҚР Президенті баспасөз өкілінің мәліметінде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
Дереккөз: t.me/aqorda_resmi.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ҚАЗАҚ БАЛА БАҒА АЛМАЙ МА?..



Алматы – елдің әлеуметтік дамуында айрықша мәнге ие қала. Көптеген қоғамдық құбылыстар, жаңа трендтер ең алдымен осы мегаполистен басталып, елге тарайды. Бұл күнде Алматыда шетелдік бала күтушілердің көбейе бастағанын білесіз бе? Иә, қазір ата-аналардың таңдауы өзгере бастағандай. Яғни кей отбасылар баласын қазақы тәрбиемен өсіргеннен гөрі, шетелден келген күтушіге тапсырғанды жөн көреді.

5

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС.

АШЫҚ ДИАЛОГ

тиімді шешімдер қабылдауға жол ашады

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі Сыр елінде өткен V Ұлттық құрылтай төрінен табылған тұлғалармен сұхбаттасып, олардың алқалы жиында көтерілген негізгі тақырыптар мен бастамалар жөніндегі пікірлерін білген болатын.



Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,
Парламент Сенатының депутаты:

- Құрылтайда бүгінгі күні жүргізіліп жатқан реформалардың сабақтастығына назар аударылды. Мәселен, жаңа Конституция мен парламенттік өзгерістерді талқылау – реформалардың заңды жалғасы. Иә, отырыста елдің болашағы мен оның негізгі заңына қатысты талай маңызды нәрсе айтылды, талай дүние қозғалды осы жолы. Бұл қазіргі заманғы сын-қатерлер мен қоғам сұранысына толықтай жауап берері сөзсіз.



Мұрат ӘБЕНОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

- Банктер қазір берешек адамның есепшотын толық бұғаттай алады. Бұл азаматтардың құқығын шектеу деген сөз. Мұндайды не мүлдем алып тастау керек, не табыстың 50 пайызынан аспайтындай етіп шектеу қажет. Құрылтайдың секциялық отырыстарында медицина, мектептерді жарақтандыру мен еңбек қатынастары мәселелері де талқыланды.



Асқар ЖҰМАДИЛДАЕВ,
академик:

- Мемлекет басшысы қазақты технократ ұлт болуға үндеп жүр. Өкінішке қарай, қазір біздің қоғам жасанды интеллектінің не екенін білгенімен, ол туралы әлі де терең біле бермейді екен. Жасанды интеллектіні дамытқанда ол туралы білім беріп, оның пайдалы және зиянды жағын да қатар оқытуымыз керек.



Диляра ҚАЙДАРОВА,
профессор, ҰҒА академигі:

- Секциялық отырыста ғылымды дамытуға қатысты жүйелі мәселелерді, атап айтқанда ғылыми журналдардың сапасы мен Ұлттық Ғылым академиясының қамқорлығымен жоғары импакт факторы бар бірыңғай ғылыми басылым құру қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар, балалар арасындағы семіздікке назар аударып, оларды ерте жастан салауатты өмір салтына шақырып, сондай мәдениеті қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік бағдарлама әзірлеуді ұсындық.



Анар ФАЗЫЛЖАНОВА,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры:

- Ұлттық құрылтайдың осы жолы Сыр өңірінде өтуінің символдық мәні бар дер едім. Біздің лингвистер еліміздің әр өңіріндегі тілге байланысты жағдайды үнемі зерттеп отырады. Осы жолғы сауалнамада Қызылорда облысы мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі жағынан да ең жоғары көрсеткішке ие болғанын байқадық. Осы орайда өңір тұрғындарына қазақ тіліне деген құрметі үшін алғыс білдіргім келеді.



Сырымбек ТАУ,
кәсіпкер:

- Шағын және орта бизнес бес миллиондай адамды жұмыспен қамтып отырғанымен, кәсіпкерлер қазір қаржы жағынан қатты қиындық көруде. Мысалы, біз несиені 25 пайызбен аламыз, 15 пайызын онлайн-платформаларға төлейміз, 16 пайыз қосылған құн салығы, бұдан бөлек басқа да шығындар бар. Содан кәсіпкерге түсетін жүктеме шамамен, 78 пайызға жетеді. Бұл бизнесті қолдау емес, оның мүмкіндіктерін шектеу. Осы мәселенің күн тәртібіне шыққаны абзал.

Құрылтайға қатысушылардың пікірінше, билік пен сарапшылар қауымдастығы арасындағы «ашық диалог» форматы осындай өзекті мәселелерді көтеріп, елдің ұзақ мерзімді дамуына, қоғамның нақты сұранысына бағытталған шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Дайындаған Нұржамал ӘЛІШ.



САРАПТАМА

ТЕПЕ-ТЕҢДІК ПЕН ТЕЖЕМЕЛІЛІК:

Маңызды ұсыныстардың мәні неде?

Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы тарапынан парламенттік реформа аясында бірнеше бағыт бойынша өзгерістер ұсынылды. Бұл ұсыныстар билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік пен тежемелілікті нығайтып, билік иерархиясын тұрақтандыруға бағытталған ұмтылысты көрсетті.

ТӨРТ ТАҒАН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсыныстарды 4 бөлікке бөлді. Ең алдымен болашақ Парламенттің атауына тоқталды. Тарихи аясы, мағынасы халқымызға түсінікті болғандықтан оны «Құрылтай» деп атау ұсынылды. Мұндай атау тек тарихи-сабақтастықтың белгісі ғана емес, кейінгі жылдары қолға алынған саяси реформаның жалғасы іспетті. Құрылғанына көп уақыт өтпесе де, Ұлттық құрылтай оң нәтиже көрсетті. Күрделі саяси-экономикалық өзгерістер кезінде мемлекет пен қоғам арасындағы ашық диалог алаңы ретінде маңызды миссияны өтеді.

Ұсыныстардың екінші бөлігі Парламенттің мемлекеттік органдардың құрамын жасақтаудағы құзыреті туралы болды. Қазіргі Ата Заңымызға сәйкес, Конституциялық соттың, Жоғары аудиторлық палатаның және Орталық сайлау комиссиясының құрамын жасақтау ісі Мәжіліс, Сенат және Президент арасында теңдей бөлінген. Енді олардың барлық мүшесі Парламенттің келісімімен ғана тағайындалуы қажет деген ұсыныс айтылған. Яғни Президент мүшелікке үміткерді ұсынады, ал Парламент оған келісім береді немесе бас тартады. Бұл Президент пен заң шығарушы билік арасында тепе-теңдік пен тежемелілікті сақтау мақсатында ұсынылып отыр.

Еске сала кетейік, осыған ұқсас механизм республикалық маңызы бар қалалар мен облыс әкімдерін анықтауда қолданылады. Президент үміткерлерді ұсынады, ал жергілікті Мәслихат депутаттарды таңдайды.

Өзгерістердің үшінші бөлігі Парламентті жасақтау тәртібіне қатысты болды. Президент бұған дейін айтқандай, Парламент депутаттары енді пропорционалды жүйе арқылы сайланады. Сөзсіз мұндай тәсіл партиялардың институционалды рөлін арттырады. Бірақ мажоритарлы жүйе жергілікті Мәслихатты жасақтауда сақталады. Жергілікті өкілді органдар 70/30 қағидатымен жұмыс істей бермек. Бұл халықпен тікелей байланыста болатын Мәслихаттарға және саяси жүйенің тұрақтылығына қажет механизм болып саналады.

Бұдан бөлек, Парламенттегі Президент квотасы алынып тасталмақ. Осыған орай, Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы квотасы алынады. Мұндай қадам заң шығарушы органның кәсібилігі мен дербестігін арттырады. Есесіне, Парламенттің 30% жастар, әйелдер мен ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналады деген ұстаным сақталады. Сондай-ақ, партиялардың Парламентке өту межесі 5% деңгейінде қала береді. Демек, сайлау нәтижесінде заң шығарушы органға өткен кез

келген партия кем дегенде 7 мандатқа ие болмақ.

Ұсыныстардың төртінші бөлігі заң шығарушы органның жұмыс тәртібі мен рәсімдерін қамтыды. Жаңа Парламент 5 жыл жұмыс істейді. Заң қабылдау үдерісін үш кезеңге бөлу ұсынылған. Депутаттар бірінші кезеңде заңды мақұлдайды. Кейін өзгерістерді мақұлдайды, соңында заңды қабылдайды. Мұндай өзгерістер жаңа Парламентті кәсібилендіріп, оны ықпалды мемлекеттік институтқа айналдырады.

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ДАМУ ЖОЛЫ

Парламенттік реформаның ауқымы кең болғандықтан өзге билік институттарына да әсер етеді. Мұны және қоғамдық-саяси сананың өзгергенін ескеріп Мемлекет басшысы тың ұсыныс жасады. Яғни саяси жүйеде вице-президент институты қалпына келтірілуі мүмкін. Бұл институт тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елімізде де болды, әрі әлемдік тәжірибеде де қолданылады. Бірақ ол қандай жолмен таңдалмақ?

Қасым-Жомарт Тоқаев вице-президентті Мемлекет басшысы Парламент депутаттарының көпшілігінің келісімін ала отырып тағайындалады деп мәлімдеді. Демек, сайланбалы институт емес. Оның құзырет аясын Президент өзі белгілейді. Әзірге вице-президент халықаралық форумдарда және шет мемлекеттер делегацияларымен өткізілетін келіссөздерде Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету, Парламентте Президенттің атынан өкілдік ету; еліміздің және шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен қарым-қатынас орнату, сондай-ақ, Президенттің басқа да тапсырмаларын орындау сынды қызметтер атқаратынын білеміз.

Бұл ұсынысты тағы бір қырынан да қарастыруға болады, қазіргі Ата Заңға сәйкес Президент өз міндетін атқара алмайтындай жағдай болса, оның өкілеттігі қалған мерзімге Сенат төрағасына беріледі. Егер ол да атқара алмаса, белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті лауазым иелеріне өтеді. Мәселе «қалған мерзім» деген сөзде тұр. Ол қанша мерзімге созылатыны белгісіз. Мұндай кезеңде саяси тұрақтылық мәселесі көтеріледі. Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаев 2 ай ішінде кезектен тыс сайлау өткізуді ұсынды.

Вице-президент институтын енгізу мен жоғарыда атап өткен кезектен тыс сайлау өткізу бастамалары билік иерархиясы мен саяси жүйені тұрақтандыруға бағытталған бір мақсатты көздейтін ұсыныстар болып саналады.

Жалпы алғанда, Президенттің Ұлттық құрылтайдағы көтерген бастамалары жаңа Конституцияны қабылдауға пара-пар өзгерістер. Сондықтан биылғы парламенттік реформа еліміздің ұзақ мерзімді дамуына әсер етеді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





СЫРДАҒЫ СҮБЕЛІ СӨЗ

20 қаңтарда Қызылорда қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалық етуімен Ұлттық құрылтайдың V отырысы өтті.

Алқалы жиында өз сөзін «Сыр – Алаштың анасы» деген аталы сөзден бастаған Мемлекет басшысы, өңір дамуына қоса, еліміздің жеткен жетістіктеріне кеңінен тоқталды. Мемлекет басшысы былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсіп, еліміздің ішкі жалпы өнімі 300 миллиард дол-

лардан асқанын, ал, жан басына шаққандағы үлесі Тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет 15 мың долларға жеткенін атап, бұл бүкіл Орталық Азия аймағы бойынша рекордтық көрсеткіш екенін баса белгілеп өтті.

«Ең бастысы, қоғам өзгерді, реформаларымыз тұрақты сипат-

қа ие болды, халықтың сана-сезімінде үлкен бетбұрыс жасалды», – деген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұдан бір ғасыр бұрын елге астана болған қалада ел дамуына қатысты елеулі реформалық бастамаларды ортаға салды. Басылымымыз оқырман назарына Ұлттық құрылтайға қатысқан Алматы қаласының өкілдері мен өзге де құрылтай мүшелерінің пікірлерін, сондай-ақ, басылым сарапшысының сараптамасын ұсынады.

КӨЗҚАРАС



Ахмет МУРАДОВ,
«Вайнах» Қазақстанның шешендері мен ингуштары қауымдастығының басшысы, ҚХА Кеңесінің және Ұлттық құрылтай мүшесі:

ҚОҒАМ ИГІЛІГІ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІЗ

Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың бес секциялық отырысының бәріне қатыстым. Біз Мемлекет басшысының сөзін тыңдадық. Ол еліміздің, халқымыздың болашағын айқындап, нақты бағдар көрсетті. Сондықтан елдегі қазіргі жағдайға әділ әрі сын көзбен баға беру қажеттігі туындап отыр.

Қасым-Жомарт Кемелұлы комиссия жинаған ұсыныстарға,

Парламентті реформалау және Конституциялық өзгерістер жөніндегі өтініштерге өте жақсы жауап қатты. Сондықтан біз үшін ең басты құндылық – егемендік және ұлт бірлігі. Президент өзіне ел тағдыры үшін толық жауапкершілік алатынын атап өтті. Өткенге жалтақтамай, болашаққа сеніммен қадам басуға шақырды. Алдағы уақытта басқарудың нақты әрі жүйелі құрылымы болуы

тиіс екенін айтты. Осыған байланысты Конституцияны қайта қарау ұсынылып, Конституциялық сот төрағасының жетекшілігімен Конституциялық комиссия құрылмақ.

Парламент бір палаталы болады. Ал ең басты шешім – референдум арқылы халықтың пікірін ескеру. Президент барлық маңызды мәселені халықпен ақылдаса отырып шешу дұрыс екенін айтты. Алдағы уақытта Ассамблея орнына Қазақстан Халық кеңесі құрылатын болады. Бұл да жаңашылдық деп білемін. Бұл құрылым Қазақстан халқының, қоғамымыздың игілігі үшін қызмет етеді. Бізді алда үлкен істер күтіп тұр.

**Әзірлеген
Журналистер тобы.**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Шаймардан НҰРЫМОВ,
Ұлттық құрылтай мүшесі, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің VI шақырылымының депутаты, ҚХА Кеңесінің мүшесі:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР АЙҚЫНДАЛДЫ

ұранмен емес, ел мен ұлтқа адал қызмет ететін азаматтарды тәрбиелеу арқылы қалыптасатынын атап өтті. Сонымен қатар, жасанды интеллект саласында білікті кадрлар даярлау қажеттігі айтылды.

Энергетика саласында елімізде атом электр станцияларын салу бастамасы көтерілді. Бұл қадам Қазақстанды энергия тұрғысынан тәуелсіз етуге бағытталған стратегиялық шешім ретінде бағаланды. Ғылым саласына бөлінетін қаржының соңғы жылдары 10 есеге артқаны айтылғанымен, оның нақты нәтижелілігін арттыру да көзделді.

Сыртқы саясат бағытында Мемлекет басшысы Қазақстанның Авраам келісімдеріне қосылуын қолдайтынын білдірді. Бұл шешім еліміздің халықаралық беделін нығайтып, түрлі діндер мен халықтар арасындағы өзара түсіністікті арттыруға ықпал ететіні анық. Сонымен қатар, Президент қыркүйек айында Қазақстанда «Ұлы Алтай. Түркілердің ата қонысы» атты халықаралық конференция өткізілетінін мәлімдеді.

Ұлттық құрылтайдың V отырысы ел дамуының стратегиялық бағыттарын айқындаған маңызды алаңға айналды. Мемлекет басшысы көтерген бастамалар мен тапсырмалар жүзеге асқан жағдайда, елімізде демократиялық үрдістер күшейіп, сыбайлас жемқорлық тыйылып, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық ахуалдың жақсаратынына сенім мол.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

МЕГАПОЛИС МЕДИЦИНАСЫ

заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуде



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапары барысында қаладағы медициналық ұйымдарды жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты.

Шаһар басшысы қайта жаңғырту жұмыстары аяқталған №4 қалалық клиникалық аурухананың қабылдау бөлімін аралап көрді. Жаңғырту нәтижесінде қабылдау бөлімі тәулігіне 250 адамнан 450 адамға дейін қабылдай алатын болды. Онда халықаралық triage пациенттерді сұрыптау жүйесі енгізілді. Бұл жүйе пациенттер легін қызыл, сары және жасыл аймақтарға бөлуге негізделген. Мұндай тәсіл ауыр халдегі науқастарға жедел көмек көрсетуге, асқынулар мен өлім-жітім қаупін азайтуға, орын санын тиімді пайдалануға және ауруханаға жатқызу мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.

Одан бөлек, ауруханада заманауи ота бөлмелері, 12 орынға арналған анестезиология, реанимация және қарқынды терапияның шұғыл бөлімшесі ашылды. Тері арқылы жүрек тамырларын емдеу орталығы жұмысын бастады. Бұл жүрек-қан тамырлары аурулары бар науқастарға жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету мүмкіндігін кеңейтеді. Еске салайық, №4 қалалық клиникалық аурухана – тәулік бойы жұмыс істейтін көпсалалы стационар. Мұнда жыл сайын 12 500-ге дейін ота жасалады.

«Мемлекет басшысының тапсырмасымен Алматыда қазіргі заманғы талаптар мен халы-

қаралық денсаулық сақтау стандарттарын ескере отырып, медициналық инфрақұрылымды жүйелі түрде жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2025 жылы 4 медициналық-санитарлық алғашқы көмек орталығы және 1 емхана салынды, сондай-ақ тағы 32 нысанды салу және жаңғырту бойынша жобалар әзірленіп жатыр», – деді Дархан Сатыбалды.

Сондай-ақ, Алматы қаласының әкімі Түркісіб ауданындағы «Алтай» шағынауданында бір ауысымда 500 адамды қабылдай алатын жаңа емхананың құрылыс алаңына барды. Жаңа емхана бұрын жұмыс істемей тұрған денсаулық сақтау нысанының орнына салынып жатыр. Мекемені ультрадыбыстық зерттеу аппараттары, цифрлық флюорография және маммография, рентген, МРТ және КТ жабдықтарын қосқанда, заманауи диагностикалық жүйелермен жабдықтау жоспарланған. Бұл тексерулердің жылдамдығы мен дәлдігін едәуір арттырып, медициналық-санитарлық алғашқы көмектің бірыңғай стандарты аясында медициналық қызмет сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Құрылыс жұмыстарын осы жылдың 4-тоқсанында аяқтау жоспарланып отыр.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҒЫЛЫМ – ДАМУДЫҢ КІЛТІ

Жас ғалымдармен форсайт кездесу өтті

Алматыда жас ғалымдармен ғылым мен технологияларды қаланың дамуына тиімді енгізу жолдары талқыланды. Форсайт форматындағы кездесуге қала әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов қатысты.



**Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ**

Кездесу барысында қатысушылар ғылыми зерттеулерді практикалық жобаларға айналдыру, инновациялық бастамаларды қолдау, цифрлық және экологиялық шешімдерді дамыту, сондай-ақ ғылым мен өндірісті жақындастыру мәселелерін көтерді. Мұндай бастамалар Алматының әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды қадамдар ретінде бағаланды.

– «Қаланың стратегиялық дамуы ғылымсыз мүмкін емес. Жас ғалымдардың идеялары мен зерттеулері Алматыны инновациялық әрі бәсекеге қабілетті мегаполиске айналдырудың берік негізі саналады. Қала әкімдігі ғылыми қауымдастықпен ашық әрі тұрақты диалог орнатуға және ғылыми бастамаларды нақты жобаларға айналдыруға мүдделі. Ғылымсыз қала дамуы мүмкін емес. Ғылым – қаланың заманауи әрі орнықты дамуының басты шарты», – деді Алматы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов.

Биыл өңірлік гранттар конкурсы өткізіліп, ғылыми жобаларды коммерцияландыруға және тәжірибеде қолдануға бағытталған арнайы қаржы қарастырылған.

Еркін форматтағы кездесуде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың География факультетінің аға оқытушысы Лаура Байырбекқызы қаланың өзекті мәселелері жөнінде ойларын ортаға салды. Ол Алматы қаласының кеңістіктік дифференциациясы мен қалалық ортаның сапасын бағалау тақырыбында ғылыми зерттеу жүргізіп, былтыр осы тақырыпта өзінің докторлық диссертациясын да қорғаған.

– Зерттеу бес жылға созылып, қала ортасының сапасын бағалайтын 27 индикатор қарастырылды. Олар бес негізгі блокқа бөлінді: әлеуметтік-демографиялық, экологиялық, қауіпсіздік, экономикалық және инфрақұрылымдық көрсеткіштер. Статистикалық деректермен қатар, қала тұрғындарының пікірі де зерделенді. Нәтижесінде кеңістіктік дифференциация айтарлықтай поляризацияланған болып шықты. Бұл, әсіресе, экология мен экономикалық дамуға қатысты көрініс табады. Қаладағы әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелерді жан-жақты зерттеу қажет деп есептеймін, – дейді маман.

Кездесуде жас ғалымдар өздерінің зерттеу тақырыптарына сай қала дамуына қатысты ұтымды ой-пікірлері мен ғылыми тұжырымдарымен бөлісті.



Басты құндылық – адам, оның Бөмірі, құқығы мен бас бостандығы деп жиі айтамыз. Құқықтық сауаттылық тақырыбы да қоғам назарынан түскен емес. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде айтылып та, жазылып та жүр. Соған қарамастан, құқықтық білімнің жетіспеушілігі әлі де өзекті. Алматыда интернет алаяқтық фактілері көбейген, әсіресе, егде жастағы азаматтар жиі алданып қалып жатыр. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін білмеу, цифрлық ортаға бейімделудің қиындығы талай адамның қалтасын қағуда.

Ең алдымен, қаламызда интернет-алаяқтыққа қарсы жан-жақты күрес жүріп жатқанын қайталай еске салғымыз келеді. Былтыр осындай 2,5 мыңнан астам қылмыс тіркеліп, жапа шеккен азаматтарға 700 млн. теңгедей қайтарылды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде Алматы қалалық ПД Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары Еркебұлан Қойшыбаев осылай деп мәлімдеді.

Қазір біраз маңызды істі ешқайда бармай-ақ үйде отырып реттей салатын заман. Мұндай заманауи жаңашылдықтың зардабы да жоқ емес. Әлеуметтік желі арқылы компьютер мен жаңа технологияларды озық меңгергендер киберұрлық жасап жүр.

НӘТИЖЕЛІ КҮРЕС

Еркебұлан Қойшыбаевтың айтуынша, өтірік сайт пен интернет-дүкен ашып, онлайн мәміле кезіндегі алдап, «жұмыс» немесе «инвестиция» деген желеумен азаматтарды осындай жолмен ақша табуға тартып, банк пен қауіпсіздік қызметінің өкілі болып қоңырау шалу көп кездеседі екен.

Мұндай қылмыстарға қарсы іс-қимыл жасау үшін «Кибернадзор» ақпараттық жүйесі қолданылады. Оның көмегімен зиянды контенті бар ресурстарды қоса алғанда, 17,6 мыңнан астам осындай сайт пен сілтеме бұғатталыпты.

Сондай-ақ, алдын алу жұмысы да қоса жүргізіліп жатыр:

банкоматтардың маңына полиция қызметкерінің 355 макеті орналастырылды;

470 баннер орнатылып, 1400-ден астам бейнеролик даярланды;

3400-ден астам профилактикалық акция мен әртүрлі салада 3400-ден астам дәріс өткізілді;

шамамен, 160 мың жадынама мен парақша таратылды;

90 мыңнан астам мессенджер-чатта бейнероликтер шықты.

«Интернет-алаяқтықпен күресу по-

САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Интернет-алаяқтық дендеп барады



АЛМАТЫДАҒЫ АХУАЛ

Интернет-алаяқтық қылмысы тіркелді

2,5 мыңнан астам

Қаржы иелеріне қайтарылды

₸700 млн

Азаматтарға келтірілген жалпы материалдық шығын көлемі

₸2,5 млрд

«Кибернадзор» ақпараттық жүйесі арқылы бұғатталған сайт пен сілтеме саны

17,6 мыңнан астам

лицияның ғана жұмысы емес, онымен әр адам күресуі керек, сақтануы керек. Кодты, парольді, картадағы деректі ешкімге айтпаңыз, күмәнді сілтемелерге жоламаңыз. Күмән туса, бірден полицияға, банкке жүгінген жөн», – деп ескертті Еркебұлан Қойшыбаев.

Спикер сондай-ақ, қалалық әкімдік, қоғамдық ұйымдар, банктер мен білім беретін мекемелермен бірлесіп, қазір барлық жастағыларды қамтитын ауқымды алдын алу жұмысы да қолға алынғанын атап өтті.

ӨЗ ҚҰҚЫҒЫН БІЛУ – ӨЗЕКТІ

Заңгер Жанбота Кәрібекованың айтуынша, ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабының 2-бөлігі 4-тармақшасы ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен жасалған алаяқтық бойынша іс қозғалады. Одан соң алданған азамат өзін жәбірленуші деп тану туралы қаулыны алу керек. Осы құжаттарды дайындаған соң несие келісімшартын жарамсыз деп тану және кредиттік тарихқа өзгеріс енгізу бойынша Азаматтық істер бойынша талаппен сотқа жүгіну қажет. Себебі, қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі соттың шешімімен бұл әрекет заңсыз және келісімшарт жа-

рамсыз деп танылған жағдайда ғана несие тарихына өзгеріс енгізе алады. Осылайша жәбірленуші қарызды төлемей, заң арқылы мәселені шеше алады.

«Ең дұрысы – алаяқтардан сақтану. Заңгер ретінде кез келген адамға өзі туралы жеке ақпараттарды айтпауға кеңес беремін. Жеке куәлік көшірмесін әркімге жібермеу керек. Өз құқығын білмейтін адамдар қорқақ болып келеді. Алаяқтарға жиі алданады. Әккі алаяқтар психолог сияқты адамды әбден зерттеп алады. Өздері алаяққа несиені рәсімдеп беріп жатқанын түсінбейді», – дейді маман.

Сондай-ақ, ол «Telegram» секілді әлеуметтік желілердегі алдамшылықтың асқына түскенін де айрықша ескертті:

«Әсіресе, Telegram желісінде алдамшылықтың дәуірі жүріп тұр. Кана-лын бұзу, оны қайтару үшін ақша талап ету, фотосуреттерді таратамын деп қорқыту бар. Жалпы, Telegramға, басқа да әлеуметтік желілерге келген сілтемелерді ашуға болмайды. Қазір өкінішке қарай, оңай жолмен көп ақша табасың деген жалған жарнамаға алданатындар көп. Мұндай алаяқтық істерді көбіне шетел азаматтары жасайтындықтан алаяқтық туралы іс қозғалғанымен ақшаны қайтарып алу екіталай», – дейді заңгер.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

- *Белгісіз нөмірге немесе өзін банк қызметкері деп таныстырған адамға жеке деректеріңізді айтпаңыз!
- *Банк картасының нөмірін, жарамдылық мерзімін, артындағы 3 санды (CVV) және SMS арқылы келген құпия кодты ешкімге бермеңіз!
- *«Сіздің атыңыздан несие алып жатыр» деген сөзге сеніп, асығыс шешім қабылдамаңыз!
- *Шотыңызға түсініксіз жолмен түскен ақшаны ешкімнің өтінішімен кері аудармаңыз!
- *Банк немесе микроқаржы ұйымы ешқашан телефон арқылы карта деректерін сұрамайды!
- *Егер шотыңызға бөтен жақтан ақша түссе, бірден банктің өзіне ресми нөмір арқылы хабарласыңыз!

ШАҢЫРАҚ ШАЙҚАЛМАСЫН!

Алматыда «Тұрмыс» профилактикалық іс-шарасы өтіп жатыр

20–29 қаңтар аралығында Алматы қаласында «Тұрмыс» атты жалпы қалалық жедел-алдын алу іс-шарасы ұйымдастырылуда. Бұл отбасылық-тұрмыстық қатынастардағы құқықбұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатындағы профилактикалық іс-шара.

Іс-шара барысында Медеу ауданы Полиция басқармасының қызметкерлері тұрғын үй секторында профилактикалық аралау жұмыстарын жүргізіп, есепте тұрған тұлғаларды тексеруде, сондай-ақ тұрғындар арасында құқықтық түсіндіру және алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүзеге асыруда.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері анықталған жағдайда, заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылданады. Іс-шараның басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, отбасы-

лық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және халықтың құқықтық мәдениетін арттыру.

Медеу ауданы Полиция басқармасының 2025 жылғы қорытындысы бойынша отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында 780 тұлғаға қорғау нұсқамасы шығарылып, 121 тұлғаға ерекше талап белгіленіп, профилактикалық есепке алынған. Сонымен қатар, сот шешіміне сәйкес 6 тұлғаға психологиялық көмек көрсетілген.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің инспекторлары аталған профилактикалық жұмыстар 2026 жылы да жалғасын табатынын және оң нәтижеге қол жеткізуге бағытталатынын атап өтті.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.





ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ҚАЗАҚ БАЛА БАҒА АЛМАЙ МА?..



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

(Басы 1-бетте)



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ойландыратын үрдіс

Әлбетте, бұл үрдіс ойландырмай қоймайды. Қазақтың өзіндік бала тәрбиесі заманға сай келмей қалды ма, әлде бала тәрбиесімен айналысатын кәсіби мамандар аз ба? Немесе қазақ бала баға алмай ма? Аталған үрдіс осы сұрақтарды көлденең қойып отыр. Баласының күтімін шет мәдениет өкіліне тапсыратын ата-аналар көбіне «ағылшын тілін меңгерсін, заманауи әдіспен өссін» деген мақсаттарды көздейді екен. Бүгінгі ата-аналардың мұндай талабы ата-әже институтын шетке ысырып тастағандай.

Әлеуметтануда отбасы – адамның алғашқы әлеуметтену ортасы. Ата-ана, жақын туыстар, үй ішіндегі тәрбие – баланың тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер етеді. Егер балаға күтуші қараса, ол да белгілі бір деңгейде әлеуметтендіруші факторға айналады. Яғни күтуші де баланың мінезіне, дүниетанымына әсер етеді. Бұл әсер бірден байқалмауы мүмкін. Оның нәтижесі бірнеше жылдан кейін, тіпті, баланың ересек жасында көрінуі ықтимал. Сондықтан бала тәрбиелеу, оны біреуге сеніп тапсыру – өлшеуі қиын, өте нәзік мәселе.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айжан БАЗАРХАНҚЫЗЫ,
әлеуметтанушы, PhD:

ТҰТАС БІР БУЫН ҚАЛЫПТАСЫП ҮЛГЕРГЕН ЖОҚ

Қоғамдағы мұндай құбылыстың қаншалықты кең таралғаны нақты белгісіз. Себебі, бұл бағытта арнайы статистика да, терең зерттеу де әлі жүргізілген жоқ. Дегенмен, бұл таңдаудың себебін шамалап айтуға болады. Бірінші, әрі ең басты себеп – ағылшын тілін үйретуге деген ынта. Сол себепті, ағылшын тілі кеңінен қолданылатын Филиппин азаматтары жиі таңдайды.

Екінші себеп – Филиппин мен Тайланд сынды елдердің сұранысқа сай ұсыныс даярлай алуында. Тайландта ағылшын тілі мемлекеттік тіл болмаса да, бұл елде күтушілерді халықаралық нарыққа арнайы дайындайды. Олар белгілі бір курстардан, медициналық тексеруден өтеді, балалармен жұмыс істеу, жұмсақ қарым-қатынас орнату, тәрбие беру әдістерін меңгереді. Сондықтан бұл елдерден шыққан күтушілерге сұраныс жоғары.

Тағы бір маңызды фактор – баға. Егер ағылшын тілді күтушіні АҚШ немесе Еуропадан шақырса, оның құны өте жоғары



болады. Оның үстіне, АҚШ немесе Ұлыбритания азаматтары Қазақстанға келіп күтуші болып жұмыс істеуге аса қызығушылық таныта бермейді.

Әрбір әлеуметтік құбылыстың қоғамға тигізетін ықпалы болады. Ал шетелдік күтушілердің балалар тәрбиесіне ұзақ мерзімде қандай әсер ететіні әзірге белгісіз. Себебі, елімізде шетелдік күтушілер тәрбиелеген балалардың тұтас бір буыны әлі қалыптасып үлгерген жоқ. Бұл әсерді тек уақыт өте келе, бірнеше жылдан кейін ғана бағамдай аламыз.

Әрине, баланың ағылшын тілін жақсы меңгеруі – үлкен артықшылық. Бұл жағынан алғанда, шетелдік күтушінің пайдасы бар. Алайда, мұның екінші қыры да бар. Айталық, бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтар, тіл мен мәдениет сақталуы керек. Ұлттық болмыс, тіл, салт-дәстүр екінші қатарға ығыспауы қажет. Менің ойымша, шетелдік күтуші жалдайтын ата-аналардың көбі бұл мәселені ойлайды. Олар баласының ағылшын тілін үйренгенін қалайды, бірақ сонымен қатар қазақ тілін, ұлттық құндылықтарды сақтауға да мән береді деп сенемін. Дегенмен, бұл жерде белгілі бір шекара болуы керек. Оның үстіне бала күтушісінің дүниетанымы, ішкі ұстанымы қандай екенін толық білмей, бала тәрбиесін толықтай тапсырып қоюға болмайды.

қарайды, ағылшын тілінен сабақ береді, кей жағдайда үй шаруасына да көмектеседі. Яғни тәрбиеші, репетитор әрі үй қызметкерінің рөлін бірдей орындайды.

«Басында жолдасым «Өзімізден де адам табылмай ма?» деп, шетелдік бала күтуші алуға қарсы болды. Бірақ уақыт өте келе филиппиндік күтушінің балаға деген жауапкершілігін, сабырлы мінезін және ағылшын тілінде күнделікті сөйлесіп, үйретіп жүргенін көрген соң пікірі өзгерді. Қазір баламыз ағылшын тіліне бейімделіп келеді. Әрине, ұлттық тәрбие мен қазақ тілін өзіміз беруге тырысамыз. Күтушіні көмекші ретінде қабылдаймыз, баланың тәрбиесі бәрібір ата-ананың мойнында ғой», – дейді алматылық Қаламқас.

Қазір әсіресе, Тайланд пен Филиппиннен келген бала күтушілерге сұраныс жоғары. Бұл елдерден келетін мамандарды іріктеп, арнайы даярлайтын агенттіктер де жұмыс істей бастады. Онда баланы мектепке апарып-әкелетін, үйірмелерге таситын күтушілерден бастап, тіл үйретіп, сабақ оқытатын тәрбиешілерге дейін табуға болады. Ресми деректерге сүйенсек, бүгінде Қазақстанда 192 филиппин және 336 тайланд азаматы еңбек етіп жүр. Олардың басым бөлігі құрылыс пен IT саласында жұмыс істейді.

Қазақстан заңнамасы бойынша шетелдік азаматтар елде заңды жұмыс істеу

Әлемде қалай?

Әлемде мұндай үрдіс бұрыннан бар екені мәлім. Мысалы, Ресейде кезінде француз, неміс күтушілерін жалдау кең тараған. Ең қызығы, бұл қызмет түрінде Филиппин әлемдік экспорттаушы ел саналады. Яғни Қазақстан ғана емес, АҚШ, Ұлыбритания, Сауд Арабиясы, Гонконг сияқты елдер де Филиппиннен, Жаңа Зеландия мен Австралиядан тәжірибелі күтушілерді алдыртады. Лондондағы бай отбасылар Швейцария, Франция, Германиядан бала күтушілерді алады. Бұл жерде басты себеп – тіл мен білім сапасы, сондай-ақ бала тәрбиесіндегі өзіндік өтімді тәсілдері десе болады.

Сауд Арабиясы, БАӘ -дегі бай отбасылар көбіне Филиппин, Үндістан және Непалдан тәрбиешілер шақырады екен. Олар тек балаға қарамай, кейде үй қызметін қоса атқарады. Гонконг пен Сингапурдағы көптеген отбасы да Филиппин мен Индонезиядан кәсіби күтушілерді жалдайды. Осы елдерде шетелдік бала күтушілер көп кездеседі, себебі жергілікті тұрғындар ұзақ жұмыс істейді де, балаларына көп уақыт бөле алмайды.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?



Бағила
БАЛТАБАЕВА,
Алматы қаласы
Қоғамдық
кеңесінің мүшесі,
қоғам белсендісі:

АНА МАХАББАТЫ ЕКІНШІ ОРЫНДА ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

Бала күтуші жалдайтын отбасыларды екі топқа бөлуге болады. Бірі – мәжбүрлі түрде күтушіге жүгінетіндер. Яғни әлеуметтік жағдайға байланысты ата-ана бірдей жұмыс істеуге тура келетін жағдайлар. Екінші топ – қаржылық жағынан қамтамасыз етілген отбасы. Олар кәсібі мен жеке дамуын тоқтатпай, балаға күтуші жалдауды жөн көреді. Мұнда мақсат – баламен қатар өзіне де көңіл бөлу, уақыты мен күшін тиімді пайдалану. Екі жағдайда да түсінуге болады. Қазір қарбалас заман. Бірі тойып, бірі тоңып секіреді дегендей, қоғамда қанша отбасы болса, әрқайсысының жағдайы әртүрлі.

Қазақстанда кейбір бала күтушілердің айлығы ең төменгісі 250–300 мың теңгеден басталып, 1,5–2 миллион теңгеге дейін жетеді деп айтылады. Ал күтуші іздеген отбасылардың айтуынша, біздің елдегі азаматшалардың орташа айлығы шамамен 500–600 мың теңге деңгейінде болады.

Екіншіден, шетелдік күтушілердің жақын туыстары жырақта, «төркіні» жоқ. Қазақта «төркіні жақынның төсегі жиналмайды» деген сөз бар. Сондықтан шетелдік күтуші 24/7 сол үйде болады. Ал өзіміздегі күтушіде туған-туыс, достар бар. Қанша жерден айлығын алып отырса да, отбасылық мәселермен баламен толық уақыт бола алмай қалуы мүмкін. Бұл кейбір отбасылар үшін ыңғайсыздық туғызады.

Дегенмен, қандай да бір бала күтуші, тіпті ең мейірімді шетелдік маман болса да, ананың тәрбиесін, махаббатын алмастыра алмайды. Балаға бөтен адам өзінің «дәнін» егеді, ол қалай өседі – тек уақыт көрсетеді. Сол үшін балалардың тәрбиесінде отбасы рөлі, әсіресе, ана махаббаты ешқашан екінші орында қалмауы керек.



ЗЕРДЕ

РУХАНИЯТ ШАМШЫРАҒЫ

Қазақстан Жазушылар кітапханасында көрнекті ғалым, абайтанушы, қоғам қайраткері Қайым Мұхамедхановтың туғанына 110 жыл толуына орай «Ұлт руханиятының шамшырағы – Қайым Мұхамедханов» атты «дөңгелек үстел» өтті.

Досбол
АТАЖАН

Жиынға «Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығы» директоры, ғалымның қызы Дина Мұхамедхан, әдебиеттанушылар мен ғалымдар, университет профессорлары мен студенттер қатысты.

Биыл 5 қаңтарда Алаш рухын арқалап, Абай аманатын қорғап, ұлт мүддесі жолында, біздің болашағымыз жолында жанқиярлықпен күрескен ірі тұлға, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, абайтану ғылымының негізін қалаушылардың бірі, шәкәрімтану негізін қалаған профессор Қайым Мұхамедхановтың туғанына 110 жыл толды.

Еске алу іс-шарасында тарих ғылымының кандидаты Нәйла Зәкенқызы дара тұлғаның өмірі мен еңбектеріне тоқталып, оны дәріптеудің маңызы орасан зор екенін атап өтті. Сонымен қатар, Қазақстан Жазушылар кітапханасына Қайым Мұхамедханов туралы кітабын тарту етті. Ал Халықаралық ТҮРКСОЙ сарапшысы, әдебиеттанушы-ғалым Серікқазы Қорабай халқының рухани мәдениетіне қосқан үлесіне тоқталды.

– Ол – қазақ әдебиетіне, ұлтымыздың көркемдік-эстетикалық әлеміне теңдессіз үлес қосып, өз халқының рухани мәдениеті мен ойына жаңа кеңістік ашқан ғалым. Басқасын айтпағанда, ұлы Абай мұрасы мен Абайдың ақындық мектебін зерттеп, насихаттауы Қайым Мұхамедхановтың ғылыми үлкен ерлігі деп білу керек. Ғалым өзінің мұраттарына адал болды. 1951 жылы «Абайдың әдеби мектебін» зерттеп жазған еңбегі үшін 25 жыл жазықсыз сотталып, зардап шексе де, мұқалмады, – деді профессор.

Жазушы-журналист, Қайым Мұхамедханов туралы «Ер қазақ» кітабының авторы Дәулет Сейсенұлы өмірін еліне қызмет етуге арнаған тұлғаның бойындағы асыл қасиеттер мен қайсар мінез қалай қалыптасқанын түсіндірді.

– Қайымның әкесі Мұхамедханның үйі – Абай, Шәкәрім, кейін Мұхтар Әуезов, Алаш арыстары – Әлихан, Ахмет, Міржақып қона жатып, әңгіме-дүкен құратын қасиетті құтханасына айналған. Шәкәрім қажылықтан оралған соң, осы үйде аялдапты. Сонда Мұхамедхан бой түзеп өсе бастаған Қайымға «Алаш арыстарының тізесінде отырып өскен сенің жаман болуға хақың жоқ» дейтін көрінеді. Айтқандай-ақ, Қайым жасынан аталы сөзге, жақсы ортаға үйір болып өсті. Солайша арадағы 25 жас айырмашылығына қарамастан, жас Мұхтар Әуезовтің іні-досына айналды, – деді Дәулет Сейсенұлы.

Еске салайық, «Алматы ақшамы» газетінің 2026 жылдың 6 қаңтарында жарық көрген №1 санында Қайым Мұхамедхановқа арналған мақалада ғалымның биографиясымен толық таныса аласыздар.



Суреттерді түсірген Қоңыр Кештер

ҚАЛАДАҒЫ ҚОҢЫР КЕШТЕР



Қазақстанның Еңбек Ері, тоқсанның тұғырындағы Ілия Жақанов Алматыдағы кешке арнайы бейне-сәлем жолдады. Ал кеш тізгінін Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, көрнекті ақын Қасымхан Бегманов ұстады. «Ілия Жақанов – аты аңызға айналған сегіз қырлы, бір сырлы талант иесі» деген ақын ол кісінің қай салада болсын, алдына қара салмас қас дарын иесі екенін айрықша атап өтті.

«Теңіздей терең, сырлы саз иесі соңғы жылдары сурет сала бастады. Бұл салада да өзінің қолтаңбасын қалыптастырып үлгерді. Менің қайран қалатыным – қандай жұмысты қолға алса да, сол жұмысты аяғына дейін жеткізетіндігі. Аударма саласын да кәсіби шеберлікпен меңгерді. Соған қоса, Ілия Жақанов – еңбекқор, өнер зерттеушісі. Ұлтымыздың талай-талай інжу-маржандарын жарыққа шығарып, оларды телебағдарламаға арқау етті. «Алтын қорда» сақтаулы тұрған «Шоқан және музыка», «Жамбыл және музы-

ХАЛҚЫ СҮЙГЕН КЛАССИК

Ілия Жақанов – тоқсанның тұғырында

Қазақ өнерінің бәйтерегі, композитор, жазушы, музыкатанушы, аудармашы әрі суретші Ілия Жақанов биыл мерейлі 90 жасқа толды. Қазақ өнерінің классигіне айналған тұлғаның мерейтойына орай М.Әуезов атындағы кітапханада «Алматы кешінде» деп аталатын әдеби-сазды кеш өтті. Кеш барысында халық жүрегінен орын алған композитордың өмірі мен шығармашылығына байланысты тың деректер айтылып, әндері шырқалды.

ка», «Сәкен және музыка» атты деректі фильмдер оның еңбегінің жемісі», – деді Қасымхан Бегманов.

Кезінде Евгений Брусиловскийдің: «Бұл жігіттің әндері нағыз қазақтың халық әндері сияқты. Әндері сал-серілер үлгісімен жазылған нағыз дала әні. Тыңдай бергің келеді» деген бағасы тегін болмаса керек, – деді кеш жүргізушісі.

Алматыдағы әдеби-сазды кеште Мақсұт Жүнісов Ілия Жақанов жайында өз өмірінен естелігін айтты:

– Консерваторияның үшінші курсына оқып жүрген кезім. Ілекең ол кезде музыкалық редакцияның бас редакторы. Бірде Ілекең маған: «Әй, бала, дауысың әдемі екен, бізге жұмысқа кел» дегені. «Журналистік білімім жоқ, ондай үлкен жұмысты қалай алып жүремін» десем, ол кісі салған жерден: «Қорықпа, бәрін үйретемін» деді. Шынында да бәрін үйретті, осы күнге дейін ризамын. Осынау кешке қатысып отырғанымға қуанып отырмын, – деген кеш қонағы «Даниярдың әнін» орындады.

«Алматы кешінде» әнін жезтаңдай әнші Сәуле Жанпейісова нақышына келтіре орындап, өнер әлемінде әкесіндей болған ұстазының шапағатын еске алды.

– Мен үнемі Асанәлі ағамды – «Алатауым», Ілекеңді – «Қаратауым» деп арқа тұтып жүремін. Осындай дарабоздары бар халқымыздың өнері өлмейді. Оның ғұмыры қашан да үстем болары сөзсіз, – деп өз шәкірт-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қанат ӘУЕСБАЙ,
Әл-Фараби атындағы Ұлттық университеті
Журналистика факультетінің деканы:

Өнерге деген шынайы махаббаттың иесі

Бала күнімізден есіміне сырттай қанық Ілия ағамызбен таныстығымыз Атырауда басталды. Бала кезінен сурет салуға жаны құмар болған Ілия Жақанов Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Көркемсурет факультетіне оқуға түсіп, оны 76 жасында бітірді. Ол кісі «Жерұйық» тақырыбында жазған цикльді суреттері бойынша диплом қорғап, суретші мамандығына ие болды. Суретшінің туындылары кәсіби түрде жазылған деп лайықты бағаланып, Қазақстан Республикасы Көркемсурет академиясының академигі атағы берілді.

Бірде мен: «Аға, сізді халық танымал композитор, көрнекті жазушы, мықты суретші екеніңізді барлығы біледі. Мына диплом сізге не үшін керек болды?» десем, ағамыз әзіл-шыны араластырып: «Әй шырағым, ол айтқаның рас қой, бірақ ертең жаңағы сенің айтқан сөздеріңнің жалғасы ретінде көрнекті композитор, жазушы, бірақ халтурщик суретші дегенді айтпасын деп дипломы бар суретші болу үшін оқыдым» деген еді. Осының өзінен ағамыздың өнерге деген шынайы махаббаты сезіледі.

терімен бірге композитордың «Еділ мен Жайық» әнін әуелетті.

Әнші Шаба Әденқұл Асанәлі мен Майраның махаббатына арнап жазылған композитордың «Асылым ең» әнін орындап, кеш қонақтарының көңілін толқытты.

Ілия Жақановтың «Алматы кешінде» атты туындысы – өнер мен әдебиеттің бесігі болған қаланың шалқар сазды тынысын суреттеген ғажайып шығармаларының бірі. Осындай сазды кештер қала тұрғындарына өнердің көпқырлылығын танытып, поэзия мен музыка арасындағы көпінді нығайтуға қызмет етері анық.

Рая ЕСКЕНДІР



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ



ТҮСКЕ ДЕЙІН – СТУДЕНТ, ТҮСТЕН КЕЙІН – ҚЫЗМЕТКЕР...

Мегополис жастарының өмірі бір шеңбермен шектелмейді. Таңертең оқу орнына асыққан студент – түсте кеңседе немесе кофеханада жұмыс істейтін жас маман, кешке өз жобасына уақыт бөлетін шығармашыл жан. Осындай буынның «қырандай күшті қанатты» қалпы бүгінгі қала пейзажының жарқын бояуы іспетті. Оларды қанаттандыратын күш – дербестікке ұмтылыс, ал еңбектің нанын адалынан тауып жеу – басты құндылыққа айналған.

Білім беру саласындағы мемлекеттік гранттар. 2025-2026 оқу жылына 77 084 мемлекеттік грант бөлінді, оның ішінде ауыл жастарына бағытталған мақсатты гранттар да бар (мысалы, 2412 грант ауыл жастарын қолдау үшін).

– «Тәуелсіздік ұрпақтары» шығармашылық грант бағдарламасы бойынша.

2025 жылы 3 млн. теңгеден 30 грант берілген. Грант ғылым, мәдениет, ақпараттық технологиялар, бизнес, медиа, волонтерлік секілді 6 бағыт бойынша жобаларды іске асыру үшін конкурстық негізде берілді.

Жеңілдетілген ипотека. Алматыда 2017 жылдан бері «Алматы жастары» бағдарламасы жұмыс істейді: 35 жасқа дейінгі тұрғындар жылдық 5% мөлшерлемесімен, 10% бастапқы жарнамен 18 миллион теңгеге дейін несие ала алады. 2025 жылдан бастап жалдамалы пәтер жобасы кезең-кезеңімен аяқталып, оның орнына жаңа жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламалары ұсынылды.

«Жастар практикасы» және жұмыспен қамтуға арналған бастамалар.

– «Жастар практикасы» жоғары оқу орнын немесе колледжді жаңа тәмамдаған түлектерге мамандығы бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін алу мүмкіндігін береді.

– «Алғашқы жұмыс орны» – 35 жасқа дейінгі жұмыс тәжірибесі жоқ жастарға арналған бағдарлама.

Айдана ТҰРЫСБЕК, 20 жаста, SMM маманы:

– Елдегі ең мықты жоғары оқу орнында білім аламын. Мен үшін оқу – «білімі бар» деген диплом алу емес, өмірлік тәжірибе. Бірақ қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізу маңызды. Сол себепті, түстен кейін жұмыс істеймін. Кейде шаршаймын, бірақ бұл шаршау мені шынықтырады, жаңа дағдылар мен жаңа адамдармен таныстырады. Алматыда мүмкіндіктер көп: курстар, стажировкалар, стартап жобалары – бәрі өз арманымды жүзеге асыруға көмектеседі. Ал кездесетін қиындықтар сәтті қадамдарға бастайтын жолдар деп санаймын.

Әйгерім АСҚАР, 21 жаста, сату менеджері:

– Бір күнде оқу да, жұмыс та қатар жүреді. Бұл кейде қиын, кейде қызық.

Бірақ әрбір тәжірибе мені кәсіби әрі жеке тұлға ретінде қалыптастырады. Алматы – үлкен қала, мұнда әркім өз жолын таба алады. Мемлекеттік гранттар, жатақханалар, жастар орталықтары – бәрі біз үшін қолжетімді, оны тек ұтымды қолдана білу керек.

Дамир ҚАЙРАТҰЛЫ, 22 жаста, курьер:

– Курьер болып жұмыс істеу – ұят емес. Шын мәнінде, ең маңыздысы – өзіңе сеніп, ерте бастан жауапкершілікті арқалай алу. Шыны айтсам, бұл жұмысым маған адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларымды дамытуға көмектесті, әрі жаңа идеялар жинадым. Бұл тәжірибе мені өз кәсібімді ашуға дайындайды. Меніңше, бұл қала әрбір жасқа жаңа мүмкіндіктер сыйлайды.

Әлия НҮРДӘУЛЕТ, 25 жаста, фрилансер:

– Әрине, әлеуметтік желіде бәрі керемет көрінеді, бірақ шын өмірде тұрақсыздық басым. Мен фриланс арқылы өз шығармашылығымды дамытамын, жаңа бағыттар үйренемін, тапсырыстар іздеймін. Бұл қиын, бірақ өте құнды тәжірибе. Аталған салада жақсы қаражат табамын, бір жағынан ата-анама көмектесіп, септігімді тигіземін.

Қатысушыларға айына 100 мың теңге субсидия төленіп, 18 айға дейін жұмысқа орналастырылады. 18 айдан кейін жұмыс беруші жас маманды кемінде тағы 12 айтұрақты жұмысқа қалдыруға міндетті.

– «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы тәжірибелі маман мен жас қызметкер арасындағы сабақтастыққа негізделген. Жас қызметкер 6 ай бойы тәлімгердің жетекшілігінде жұмыс істеп, айына 100 мың теңге алады. 6 айдан соң жас маман тұрақты қызметке өтеді. Жоба Ақтөбе, Қостанай, Алматы облыстарында жүзеге асып жатыр.

– «Жасыл ел» бағдарламасы студенттер мен жұмыссыз жастарды жаз мезгілінде көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарына тартады. 2025 жылы бұл жоба арқылы 35 мыңнан астам жас маусымдық жұмыспен қамтылды, оның 40%-ы ауылдан келген жастар. Бағдарлама жастарға еңбек тәжірибесін жинауға және туған өлкені көркейтуге мүмкіндік береді.

● СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ғалия МАЙКОТОВА,
филология ғылымының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті:

БІЛІМ БАСТЫ ОРЫНДА БОЛУЫ КЕРЕК

Алматының мүмкіндіктерін пайдаланып, жастардың дамығаны қуантады. Алайда, мәселенің тағы бір қырына назар аудару керек. Жастар әдетте қаржылық тәуелсіздікті бірінші орынға қояды, әрине бұл әртүрлі әлеуметтік жағдайға байланысты болуы мүмкін. Дегенмен, студент тұрғысынан алып қарасақ, олардың басты міндеті – сапалы білім алу. Өзінің адами капиталын дамытуға бөлетін уақытында қосымша жұмыс істеп, назарын ақша табуға аударуы қаншалықты орынды? Бұл шын мәнінде салмақты сұрақ. Мәселе диплом алуда емес, студенттік кезеңде болашақ үлкен өмірге шынайы біліммен тыңғылықты дайындалуда. Студент-жастар осыған назар аударса екен деймін.

Жастар білім алып қана қоймай, еңбек тәжірибесін жинақтап, өз кәсіби жолын қалыптастыра алатын мүмкіндікке ие. Мемлекеттік бағдарламалар, гранттар, стартап жобалар мен тұрғын үй бағдарламалары жас буынның өз ісін бастауына және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуіне септігін тигізуде. Аталған іс-шаралар әрбір қазақ баласының шығармашылық әлеуетін ашуға, кәсіби дағдыларын жетілдіруге және өз елінің дамуына белсенді атсалысуына жағдай жасайды.

Бетті әзірлеген
Дана САДЫРҚАН.



КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматыда 14–35 жас аралығындағы 682 мыңнан астам жас өмір сүреді. Бұл – қала тұрғындарының 32%-ы.
- 47,8 мың жас – NEET санатына кіреді (оқымайтын, жұмыс істемейтін жастар).





Теміржан АЙТБАЕВ,
Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Басқарма төрағасы:

«АПОРТҚА АРНАЙЫ АЙМАҚ ҚАЖЕТ»

Тарихта Алматы апорты тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл Орталық Азия үшін маңызды брендке айналғаны белгілі. Мың жылдық тарихы бар Алматы атауының өзі «алмалы» деген мағынаны білдіреді. Бұл қаланың атауы тікелей алма өсіру мәдениетімен және осы өңірдің әлемге әйгілі алма түрлерімен тығыз байланысты екенін аңғартады. Апорт алмасы алғаш рет 1865 жылы пайда болған деген деректер бар. Бір кездері даңқы дүрілдеген Алматы апорты бүгінде аңызға айналды. Алма сорттары көп болғанымен, дәмі тіл үйретін, көлемі баланың басындай ірі апорттай алма қазір сирек кездеседі. Осы тақырып аясында біз Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Басқарма төрағасы, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, Ұлттық Ғылым академиясының академигі Теміржан АЙТБАЕВПЕН сұхбаттасқан едік.

Нақты жұмыстар жүргізіліп жатыр

– Теміржан мырза, Алматының даңқы алқызыл апорт алмасымен шыққаны белгілі. Апорт десе, әлі күнге дейін қып-қызыл алма елестейді. Атағы аңызға айналған бұл алма қазір қайда? Оны қайта қалпына келтіруге бола ма?

– Мен аграрлық ғылым саласында 37 жылға жуық еңбек етіп келемін. Қызмет жолымды кіші ғылыми қызметкер болып бастадым. Бүгінде аграрлық ғылым біртіндеп жанданып, жаңғырып келеді. Аграрлық ел ретінде біз үшін ең алдымен осы саланы дамыту аса маңызды. Аграрлық ғылымның өзі бірнеше бағытқа бөлінеді, соның ішінде жеміс-көкөніс шаруашылығы – халық күнделікті тұтынатын өнімдермен тікелей байланысты маңызды сала. Жеміс, картоп, көкөніс, бақша дақылдары, жидек пен жүзім – барлығы да азық-түлік қауіпсіздігінің негізі.

Алма тарихына тоқталсақ, кезінде Ресейдің Воронеж губерниясынан келген Егор Редко есімді азамат Верный қаласына (қазіргі Алматы) алма тұқымын әкеліп отырғызған. Кейін бұл алма жергілікті жабайы алмалармен будандастырылып, жаңа сорт қалыптасты.

Тарихи деректерге сүйенсек, 1175 жылдары ортағасырлық монастырь архивтерінде апорт алмасы туралы алғашқы жазбалар кездеседі деген пікірлер бар. Алайда, ғылыми тұрғыдан нақты дәлелдер XIX ғасырдан басталады. 1908 жылы Германияда өткен әлемдік көрмеде апорт алмасы өзінің ерекше дәмі мен сапасымен ерекшеленіп, халықаралық деңгейде танымал болды.

Алматы апортының азаюы, тіпті жойылу қаупіне ұшырауы XXI ғасырдағы урбанизация үдерісімен тікелей байланысты. Қаланың аумағы кеңейіп, жеке меншік жүйенің қалыптасуы нәтижесінде ескі алма бақтары жойыла бастады.

Дегенмен, үміт бар. Қазіргі таңда облыстық және ұлттық деңгейде апорт алмасын қайта жаңғырту бағытында нақты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Алматылық ғалымдар мен жеке инвесторлар «Apple World» сынды жобаларды іске асырып, апорт бақтарын қайта отырғызуда. 2023 жылғы 13 қазанда «Алматы апорты» географиялық көрсеткіш ретінде ресми тіркелді. Бұл – өнімнің шығу тегі мен сапасын қорғауға, сондай-ақ халықаралық нарықтағы беделін арттыруға мүмкіндік береді.

Ол тек тау бөктерінде ғана өседі

– Бір кездері апорт алмасының даңқы шетел асып, Алматы атауы осы алмамен қатар айтылатын. Бүгінде жағдай қандай?

– Рас, апорт – біздің ұлттық мақтанышымыз. Қазір институтымызда алма сорттарының қырықтан астам түрі бар. Ерте пісетін, кеш пісетін сорттар жеткілікті. Апорттың өзіндік ерекшелігі бар. Бұрын Алматы ма-

ңында апорт өсіретін алқаптардың көлемі 3,5 мың гектардан асатын. Қазір оның шамамен 1200 гектары ғана сақталған. Бұл – үш есеге жуық қысқару деген сөз.

Апорт ағаштарының көпшілігі ескірген, өнімділігі төмен. Кейбірі мүлде жеміс бермейді. Оның үстіне апорт теңіз деңгейінен 850–1200 метр биіктікте ғана өседі. Яғни ол тек тау бөктеріне бейімделген, жазық жерде өспейді. Сондықтан апорт – өте талғампаз сорт.

Өкінішке қарай, тау етектерінің басым бөлігі саяжайлар мен тұрғын үйлерге, түрлі бизнес нысандарына беріліп кеткен. Осылайша апорт бақтары қысқа уақыт ішінде жойылды.

163 миллион теңге қаржы бөлінді

– Қазіргі таңда апортты жандандыру бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Бүгінде экономикалық мүмкіндік бар. Апортты қайта өсіруге болады, бірақ ол үшін үлкен жер алқабы қажет. Ал қазіргі шаруа қожалықтарының жер көлемі 5–10 гектардан аспайды. Оның үстіне апорт ағашы тек 7–8 жылдан кейін ғана өнім береді. Сондықтан шаруалар жерін ұзақ уақыт бос ұстауға дайын емес.

Қазіргі тағы бір мәселе, қолда бар апорт сорттары ауруға шалдыққан. Кей жерлерде сауықтырмаған көшеттер апорт деп сатылып жүр. Біз қазір биологиялық сауықтыру жұмыстарымен айналысып жатырмыз.

Президенттің Іс басқармасы мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің қолдауымен апортты жаңғыртуға 163 миллион теңге қаржы бөлінді. Бұл қаражат нақты ғылыми жұмыстарға бағытталуда. Апортты жаңғырту жобасы алғаш 2011 жылы профессор Мағжан Малғаждарұлы Исиннің бастамасымен қолға алынған еді. Қазір бұл істі оның шәкірті, ғалым Солтүлек Сайрамұлы жалғастырып келеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымында әр мемлекетке тән брендтік өнімдер анықталған. Сол тізімде Қазақстанның бренді ретінде апорт алмасы көрсетілген. Былтыр Мемлекет басшысының Италияға сапары барысында апорт халықаралық деңгейде таныстырылды. Сол жиынға біздің жас ғалымдар да қатысып, апорт сортын ұсынды. FAO өкілдері апорттың дәмдік сапасын жоғары бағалады.



Қазір біз Сиверс жабайы алмасының тамыр сабағын пайдаланып, оған өзіміздің элиталық апорт сортын теліп өсіріп жатырмыз. 2027 жылға дейін 110 гектар, ал 2030 жылға дейін қосымша 150 гектар алма бағын отырғызу жоспарда бар. Болашақта өзіміздің сапалы көшеттерді өсіріп, апортты қайтадан нарыққа шығаруға мүмкіндік аламыз.

Алла қаласа, бала күнімізде жеген, дәмі тілден кетпейтін апорт қайта оралады. Бұл алма өз жерімізде өсіріліп, еліміздің бренді ретінде қайта жаңғырады.

ТҮЙІН: Бұл сұхбат Алматы қаласының экожүйесін сақтау жөніндегі мемлекеттік ақпараттық саясаттың 2026 жылға арналған басым бағыттарымен толық үндеседі. Өйткені, апорттың тек белгілі бір биіктік белдеуде, таза ауа мен табиғи су ресурстары сақталған ортада ғана өсетіні айтылып, бұл Алматы үшін атмосфералық ауаны қорғау, су көздерін сақтау, жер мен топырақты ұқыпты пайдалану мәселелерінің өзара тығыз байланысты екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, апорт бақтарын қалпына келтіру – тек аграрлық жоба емес, қала экожүйесін қорғаудың мазмұнын нақты іспен толықтырады. Бұл ретте Алматының жасыл белдеуін сақтау, экологиялық жауапкершілікті арттыру және табиғи мұраны болашақ ұрпаққа жеткізу маңызды. Сонымен қатар, апорт алмасын қайта жаңғырту экологиялық туризмді дамытуға, қаланың табиғи брендингін күшейтуге және «Таза орта – сапалы өмір» қағидатын насихаттауға мүмкіндік береді.

Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕНДІР.





БРИФИНГ

«АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ

Ана денсаулығы – басты назарда

Қаңтарда көп мемлекет жатыр мойны обыры туралы ақпараттандырумен айналысады. Алматыда да қазір бұл кеселді ерте анықтау мен алдын алуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмысы қолға алынған.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы онкологиялық орталығы директорының орынбасары Райхан Болатбекова осы жөнінде баяндады. Спикердің айтуынша, жатыр мойны обыры әйелдер арасындағы ең көп тараған онкологиялық аурудың бірі болып қалып отыр. Дерттің дамуына негізгі себеп – жоғары онкогендік қауіп тобына жататын адам папилломасы вирусы (АПВ), ауырғандардың 97%-ы осымен байланысты. Жатыр мойны обыры бастапқыда байқалмауы мүмкін, сондықтан ПАП-тест пен АПВ-ға тестілеуден үнемі өтіп тұру керек екен.

«Бұл көбіне бала көтеретін жастағы әйелдерде ұшырасады. Аурудың шарықтау шегі 40–44 жас аралығы. Дегенмен, оны ауыздықтауға болады. Дамыған елдерде алдын алуды қолға алып, ол осы

аурудың ауыртпалығын екі еседен астам төмендетуге мүмкіндік берген», – деді Райхан Болатбекова.

Елімізде 30-дан 74 жасқа дейінгі әйелдерді қамтитын жатыр мойны обырын скринингтен өткізу жөніндегі Ұлттық бағдарлама жұмыс істейді. Бұл бағдарлама ауруды ертерек анықтауға мүмкіндік беріп отыр.

Сонымен қатар, елімізде адам папилломасы вирусына қарсы салынатын вакцинация бағдарламасы да бар. 2024 жылғы қыркүйектен бастап мектептерде ата-аналардың келісімімен жасөспірім қыздарға екі дозалы вакцина (4 валентті «Гардасил») салына бастады. Былтыр қыркүйек пен желтоқсан аралығында Алматыда 12 мыңнан астам қыз бала егілген. Бұл вакцина жатыр мойны обыры мен басқа да онкологиялық ауруларды тудыратын АПВ-ның ең қауіпті түрінен қорғайды.

Спикер 31 қаңтарда Алматы онкологиялық орталығында жатыр мойны патологиясының алдын алу мен ерте анықтауға арналған «Ашық есік» күні өтетінін хабарлады. Бұл күні онкогинеколог мамандардан кеңес алып, қажетті тексерістен өтуіңізге болады.

ЖАҢА ТӘСІЛ

НАУҚАС НАРКОЗ КЕЗІНДЕ ОЯУ ЖАТАДЫ

Алматыда анестезияның бірегей әдісі қолданыла бастады



Аймақтық анестезияның тек бір анатомиялық аймаққа ғана қолданылатын классикалық тәсілден айырмашылығы – жаңа әдістеме өткізгіштік, жұлындық және эпидуралдық анестезияны әртүрлі үйлесімде кешенді түрде қолдануға негізделген. Ал бұл өз кезегінде күрделі және біріктірілген операцияларды жасауға мүмкіндік береді.

Әдістің негізгі артықшылығы – науқастың есін сақтауы, жүрек-қан тамыр, тыныс алу және ең бастысы орталық жүйке жүйесіне минималды әсер ету, асқыну қаупін төмендету, оңалту кезеңінің қысқаруы және реанимация мен қарқынды терапия бөлімінде жату қажеттілігінің азаюы. Бұл, әсіресе, егде жастағы, семіз және қосымша созылмалы аурулары бар науқастар үшін өте тиімді.

Алматының Орталық қалалық клиникалық ауруханасында жоспарлы түрде күн сайын 35-ке дейін анестезиологиялық көмек көрсетіледі. Оның ішінде операциялардың 70–80%-ы аймақтық анестезиямен орындалады. Бұл наркоздық препараттардың ағзаға түсетін жағымсыз әсерін азайтып, отадан кейін тез қалпына келуіне жағдай жасайды.

Айтпақшы, бұл жаңа тәсілдің тиімділігі операция қаупі жоғары науқастарда, дәлірек айтсақ, дене салмағы 120 кг-нан асатын, сондай-ақ 103 жастағы науқасқа да жасалып, дәлелденді.

Орталық қалалық клиникалық ауруханада бірнеше анатомиялық аймақты бір мезгілде және қауіпсіз, ауыртпайтын анестезия әдісі енгізілді. Елімізде алғаш рет енгізіліп отырған бұл тәсіл полижарақаттар мен күрделі клиникалық жағдайларда қолданылады.

«Бұрын қол-аяқ бір мезгілде сынғанда науқасқа жасанды өкпе желдетуімен жалпы анестезия жасалатын. Енді біз мұндай жағдайда жалпы анестезияға жүгінбей-ақ ота жасай береміз. Ал науқас операция алдындағы және барысындағы кезеңде де ояу жатады. Ал наркоздан кейінгі сананың және тыныстың бәсеңдеуі болмайды», – деп түсіндірді бұл тәсілді реаниматолог-дәрігер-анестезиолог Ерболат Әділбеков.

МАМАН МІНБЕРІ

«БҮЙРЕК – үнсіз қызмет ететін қорғаушымыз»

Бүйрек – ағзамыздың «үндемей» жұмыс істейтін, бірақ ең маңызды мүшелерінің бірі. Ол қанды сүзеді, артық суды, тұзды және зиянды заттарды сыртқа шығарады. Сонымен қатар, қан қысымын қалыптастырады, қан қысымын қалыптастырады, қан жасушаларын түзуге қатысады.

Кардиология және ішкі аурулар ФЗИ №2 терапия бөлімшесінің нефролог дәрігері Қармақбай Сәрсенбаевтың айтуынша, бүйрек сырқаты көбіне жасырын басталады. Дегенмен, мынадай белгілерді ескерусіз қалдыруға болмайды:

- несеп түсінің өзгеруі, көпіршіктенуі немесе қан араласуы;
- бет пен аяқтағы ісіну;
- қан қысымының жиі көтерілуі.

Егер мұндай шағымдар байқалса, дәрігерге қаралып, қарапайым тексерулерден (қан, несеп талдауы, УДЗ) өткен жөн.

Бүйрек ауруларының алдын алу үшін қарапайым ережелерді сақтау қажет:

- ▶ қан қысымын тұрақты бақылау;
- ▶ қант диабеті бар болса, емді үзбеу және қант деңгейін қадағалау;
- ▶ инфекцияларды асқындырмай, дер кезінде емдеу;
- ▶ тұзды шектеп, дұрыс тамақтану;
- ▶ дәріні өз бетімен емес, дәрігер кеңесімен қабылдау;
- ▶ жылына кемінде бір рет жалпы тексеруден өту.

– Бүйрек көбіне өздігінен емес, басқа дерттердің салдарынан зақымданады. Ең басты себептер мыналар. Қант диабеті – қандағы қанттың жоғары болуы бүйректегі ұсақ тамырларды зақымдап, сүзгі қызметін әлсіретеді. Бұл диабеттік нефропатияға әкеледі. Жоғары қан қысымы (гипертония) – қан қысымы ұзақ уақыт бойы жоғары болса, бүйрек тамырлары тарылып, қызметі біртіндеп нашарлайды.

Жұқпалы аурулар – ангинадан кейінгі гломерулонефрит, зәр шығару жолдарының қабынуы бүйректі зақымдайды. Тұқым қуалайтын дерттер – поликистозды бүйрек сияқты аурулар тұқым арқылы беріледі. Уытты әсерлер – кейбір дәрілерді (ауырсынуды басатын, антибиотиктерді) ұзақ уақыт бақылаусыз қабылдау, алкоголь мен улы заттар бүйрекке зиян. Иммундық жүйе аурулары – жүйелі қызыл жегі, васкулит сияқты сырқаттар да бүйректі зақымдайды.

Иә, бүйрек – үнсіз қызмет ететін қорғаушымыз. Оның «үндемей» жүргені – сау екенін білдіреді, бірақ бұл бейқам болуға себеп емес. Әрбір адам денсаулығына жауапты. Бүйрекке күтім жасау – ұзақ ғұмырдың кепілі, – дейді Кардиология және ішкі аурулар ФЗИ №2 терапия бөлімшесінің нефролог дәрігері Қармақбай Сәрсенбаев.



ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНА

ОНКОЛОГИЯНЫ ӨЗІМІЗДЕ ДЕ ЕМДЕЙДІ

Жасыратыны жоқ, қатерлі ісікке шалдыққандардың бірталайы шетелден шипа іздеп, мұхит асып кететіні рас. Олар алған ем-домының өзіміздің отандық терапияға қарағанда тиімді бола бермейтінін ескермейтіні тағы бар.

Мамандар жол азабын тартпай-ақ, уыстап қаржы шашпай-ақ өз Қазақстанымызда да сапалы медициналық көмек алуға болатынын айтады.

Алматыдағы Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты сарапшыларының айтуынша, бүгінде еліміздің онкологиялық қызметі халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істейді. Тәжірибеде диагностиканың, дәрілік терапияның, сәулелік және хирургиялық емдеудің заманауи әдістері кеңінен қолданылады. Әлемдегі жетекші онкологиялық қауымдастықтар ұсынған хаттамалар қолданылады. Сондықтан шекара асып, шетелге

асығудың қажеті жоқ дейді отандық мамандар.

Сондай-ақ, дәрігерлер емдеу орнын таңдағанда, медициналық туризмнің «жалындаған» жарнамасына емес, объективті медициналық көрсеткіштерге, аурудың сатысына және емдеуші дәрігерлердің ұсыныстарына назар аудару керектігін баса айтып отыр. Кейбір жағдайларда шетелде тілдік кедергіге тап болып, медициналық қызметтердің тым қымбаттығына байланысты емдеу процесінде айтарлықтай қиындықтар туындайтынын да еске салады.

Сондықтан сарапшылар пациенттер мен олардың жақындарын салмақты шешімдер қабылдауға және бүгінгі күні халықаралық стандарттар деңгейінде сапалы және тиімді онкологиялық көмек көрсетуге қабілетті отандық медицинаның мүмкіндіктерін сенуге шақырады.

Мәселен, Айзада есімді пациенттің оқиғасы осы сөзімізге дәлел бола алады. Онкоауруға шалдыққан ол Түркияға арнайы сапар шегіп, ем-шипаны сол мемлекеттен іздегенін жасырмайды. Бірақ терапияның орта жолына келгенде қаражаты таусылып, елге оралып, өзіміздің мамандарға жүгінеді. Сөйтіп, Айзада клиникалық көрсеткіштеріне сәйкес отандық дәрігерлер тарапынан қажетті медициналық көмекті толық көлемде алады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 21 қаңтардағы №1/1-83 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 8 тамыздағы №34.6-34.03/2233-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Жол құрылысы үшін Гаукар Оразовна Бижигитованың Алматы қаласы, Алатау ауданы, 99 учаске мекенжайы бойынша орналасқан кадастрлық нөмірі 20-321-006-590, жалпы ауданы 0,0618 га жер учаскесінің ауданы 0,0104 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы,

Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 606-кеңсе болып белгіленсін.

- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің төңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 21 қаңтардағы №1/1-84 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 26 қарашадағы№22.1-22.10/859-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қоғамдық кеңістіктерді ұйымдастыру үшін «ТОPTUTAS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қарасай батыр көшесі, 74 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-311-008-079, ауданы 0,0757 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 606-кеңсе болып белгіленсін.

- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің төңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 21 қаңтардағы №1/1-85 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №34.1-34/1315-И хатының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Райымбек даңғылын ұзарту үшін Алматы қаласы, Жетісу және Медеу аудандарында орналасқан 54 (елу төрт) жер учаскесін Жетісу көшесінен Шығыс айналма автомобиль жолына дейін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне жер учаскесінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің төңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 21 қаңтардағы
№1/1-85 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Турдиева Зухра Ахтамовна	20-314-037-036	Райымбек даңғылы, 15, 1-пәтер	жалпы-0,1407 үлесі-0,0607 иеліктен шығарылатын ауданы -0,0024
2	Жамалеева Айман Каержановна, Жамалеев Асқар Сапарғалиевич	20-314-037-096	Райымбек даңғылы, 23, 1 корпус	жалпы-0,0397 үлесі-0,0210 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0042
3	Аубакирова Раушан Аскербаевна	20-314-037-096	Райымбек даңғылы, 23	жалпы-0,0397 үлесі-0,0187 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0035
4	Купреева Лидия Сергеевна	20-315-003-122	Коперник көшесі, 66, 2-пәтер	жалпы-0,0692 үлесі-0,0200 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0047
5	Байталасова Лиза Адилақыновна	20-315-003-122	Коперник көшесі, 66	жалпы-0,0692 үлесі-0,0092 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0047
6	Жусупкалиева Дана Улановна	20-315-003-147	Шақшақ Жәнібек көшесі, 7/31	жалпы-0,0618 үлесі-0,0425
7	Королева Анастасия Семеновна	20-315-003-147	Шақшақ Жәнібек көшесі, 7/31	жалпы-0,0618 үлесі-0,0097
8	Земченков Сергей Сергеевич, Земченков Артем Сергеевич	20-315-003-059	Есенберлин көшесі, 37	0,1155
9	Шокарев Николай Васильевич, Шокарева Людмила Ивановна	20-315-004-005	Учительская көшесі, 57/5	жалпы-0,0531 үлесі-0,0400 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0042
10	Говорова Галина Ивановна	20-315-038-026	Желмая көшесі, 17	жалпы-0,0288 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0044
11	Хамраев Марс Итахунович	20-315-038-263	Желмая көшесі, 21	жалпы-0,0551 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0013
12	Немичинова Людмила Анатольевна	20-315-039-145	Желмая көшесі, 36 А	0,0247
13	Пронина Наталья Павловна, Постовая Людмила Ивановна, Чеснова Альбина Юрьевна	20-315-039-192	Чаплин көшесі, 33	0,0890
14	Махкамova Мархабо Махмудовна	20-315-039-289	Менделеев көшесі, 74/32	жалпы-0,0381 үлесі-0,0211
15	Навирдинова Аида Азатжановна, Токаев Полатжан Турдалиевич	20-315-039-289	Менделеев көшесі, 74/32	жалпы-0,0381 үлесі-0,0170
16	Ткачев Евгений Валерьевич, Лашина Лидия Александровна	20-315-039-353	Чаплин көшесі, 29	жалпы-0,0418 үлесі-0,0194
17	Ускимбаева Назгуль Машамовна	20-315-039-353	Чаплин көшесі, 29, 1-пәтер	жалпы-0,0418 үлесі-0,0194
18	Летева Тамара Ивановна	20-315-039-402	Титов көшесі, 79	0,0637
19	Мухаметова Мира Турдиевна	20-315-039-413	Чаплин көшесі, 59/41	жалпы-0,0685 үлесі-0,0456

20	Мухаметов Полат Турдиевич	20-315-039-413	Медеу ауданы, 99 учаске (Чаплин көшесі, 59/41)	жалпы-0,0685 үлесі-0,0229
21	Цой Олег Геннадьевич, Тян Марина Мироновна	20-315-039-549	Менделеев көшесі, 72	0,0404
22	Ашеков Бакытжан Бакаевич	20-315-039-554	Чаплин көшесі, 51/79	жалпы-0,0775 үлесі-0,0495
23	Дубовицкий Александр Иванович	20-315-039-555	Титов көшесі, 77	0,0485
24	Усеинова Шахзада Кулиалиевна	20-315-039-561	Желмая көшесі, 36	0,0325
25	Дадаева Руиса Нурмухамбетовна	20-315-039-578	Үштөбе көшесі, 109/14	0,0408
26	Шиндяйкина Галина Анатольевна	20-315-039-588	Желмая көшесі, 22/81	0,0565
27	Арутюнянц Оксана Витальевна, Арутюнянц Владимир Гургенович	20-315-039-589	Үштөбе көшесі, 78	0,0289
28	Гимадиева Кальзиза Кибашевна	20-315-039-593	Чаплин көшесі, 43/75	0,0311
29	Потапова Анжела Сергеевна, Потапов Виктор Сергеевич, Потапова Елена Сергеевна, Потапова Мария Сергеевна	20-315-039-607	Титов көшесі, 90	0,0262
30	Горбатова Лариса Федоровна	20-315-040-012	Сырдария көшесі, 69	жалпы-0,0789 үлесі-0,0374
31	Ушакова Елена Викторовна	20-315-040-012	Сырдария көшесі, 69	жалпы-0,0789 үлесі-0,0415
32	«КОПИТЕК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-040-047	Татар көшесі, 23/4	жалпы-0,0527 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0012
33	Торопова Татьяна Ивановна	20-315-040-064	Татар көшесі, 4	жалпы-0,0571 иеліктен шығарылатын ауданы- 0,0120
34	Амелькина Елена Николаевна	20-315-040-080	Донбасс көшесі, 6	жалпы-0,0376 иеліктен шығарылатын ауданы- 0,0033
35	Оразова Роза Саулебаевна	20-315-040-081	Оренбург көшесі, 2	0,0925 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0063
36	Ахметжанов Мансур Болатович	20-315-040-099	Крымская көшесі, 2 Б	0,0851
37	Болтаев Рахимжан Миталлипович	20-315-040-103	Желмая көшесі, 6 А	0,0927
38	Нурхожаев Кенжехан Шалтабаевич	20-315-040-121	Медеу ауданы, 99 учаске (Донбасс көшесі, 2/1)	жалпы-0,0504 үлесі-0,0214
39	Лисина Инна Владимировна	20-315-040-121	Донбасс көшесі, 2/1	жалпы-0,0504 үлесі-0,0224
40	Косжанов Орманбек Тауапевиç	20-315-040-129	Татар көшесі, 2	0,1139
41	Мухамеджанова Рашидам Камаловна, Мухамеджанов Фарид Рамисович	20-315-040-131	Татар көшесі, 6	0,0283
42	Кривошеин Владимир Васильевич	20-315-040-132	Чаплин көшесі, 23	0,0345
43	Еникеева Галина Равиловна	20-315-040-154	Крымская көшесі, 6/6	жалпы-0,0533 үлесі-0,0211
44	Иващенко Оксана Афанасьевна, Погорелов Владимир Иванович	20-315-040-154	Крымская көшесі, 6/6, 2 пәтер	жалпы-0,0533 үлесі-0,0374
45	Гилевская Татьяна Александровна	20-315-040-157	Медеу уданы, 99 учаске (Чаплин көшесі, 15)	жалпы-0,0609 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0232
46	Арыкова Малика Рустемовна	20-315-040-181	Татар көшесі, 18/9	жалпы-0,0440 иеліктен шығарылатын ауданы- 0,0016
47	Мурадова Любовь Георгиевна	20-315-040-185	Чаплин көшесі, 21 А	жалпы-0,0762 үлесі-0,0381
48	Щелчкова Мария Ивановна	20-315-040-185	Медеу ауданы, 99 учаске (Чаплин көшесі, 21)	жалпы-0,0762 үлесі-0,0381
49	Абдрахманов Чингиз Субутаевич	20-315-040-188	Чаплин көшесі, 25	0,0880
50	Қдырбаева Марина Алексеевна, Юн Виталий Вячеславович	20-315-040-197	Донбасс көшесі, 6 А	жалпы-0,0437 үлесі-0,0249
51	Шавлыгин Дмитрий Андреевич	20-315-040-197	Донбасс көшесі, 6/1	жалпы-0,0437 үлесі-0,0188
52	Белянина Ирина Владимировна, Белослудцев Игорь Анатольевич	20-315-040-262	Желмая көшесі, 2	0,0949
53	«ForteBank» акционерлік қоғамы	20-315-043-045	Халиуллин көшесі, 87	0,0755
54	Бояркина Галина Николаевна	20-315-043-208	Желмая көшесі, 41	жалпы-0,0516 үлесі-0,0258 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0058

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 21 қаңтардағы
№1/1-86 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Түрксіб ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 5 наурыздағы №27.3-27.11/120-И хатының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы үшін Алматы қаласының Түрксіб ауданындағы, Осипенко көшесінің өтүстігі, Белградская көшесінің батысында орналасқан 6 (алты) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне жер учаскесінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Түрксіб ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің төңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 21 қаңтардағы
№1/1-86 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Қасымова Айгуль Жансериковна, Абишева Кульмайра Жансериковна	20-317-048-107	Белград көшесі, 1	0,1000
2	«Қазинвестбанк» акционерлік қоғамы	20-317-048-143	Осипенко көшесі, 30/1 учаске	0,1132
3	«Қазинвестбанк» акционерлік қоғамы	20-317-048-144	Осипенко көшесі, 30	0,0933
4	Нурмағамбетова Нурчан Жумадиловна	20-317-048-061	Осипенко көшесі, 32	0,0753
5	Аскарбекова Галия Мамырбековна	20-317-048-163	Тынышбаев көшесі, 21	0,0822
6	«Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамы	20-317-048-090	Тынышбаев көшесі, 4432	0,0021

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 21 қаңтардағы
№1/1-87 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер
учаскесін алып қоюға байланысты
жер учаскесін немесе өзге де
жылжымайтын мүлікті
мәжбүрлеп иеліктен шығарудың
басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Мәдениет басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 20 қарашадағы № 39.15-К хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Мұражай аумағын абаттандыру үшін Махпуржан Курванович Тохтиевтің, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, 99 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-311-023-326, ауданы 0,0756 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155,

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 21 қаңтардағы
№1/1-88 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер
учаскелерін алып қоюға
байланысты жер учаскелерін
немесе өзге де жылжымайтын
мүлікті мәжбүрлеп иеліктен
шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 17 қыркүйектегі № 21.2-21.11/1020-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Ортақ пайдаланудағы объектіні (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) және №196 мектепке арналған тұрақ кеңістігін салу үшін, Алматы қаласы Алатау ауданының «Мәдениет» шағынауданында орналасқан 24 (жиырма төрт) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет болып белгіленсін.

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 21 қаңтардағы
№1/1-89 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып
қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де
жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен
шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 20 қазандағы №26.1-26.06/1485-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Аудан аумағын абаттандыру және жаңа қоғамдық кеңістіктер құру үшін, «ANCORP» жауапкершілігі шектеулі

серіктестігінің Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 154 мекенжайы бойынша орналасқан (кадастырлық нөмірі 20-315-020-205), ауданы 0, 1924 га, 1 (бір) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

«БЫТ» жалпы қалалық жедел-профилактикалық
іс-шарасын өткізу туралы

2026 жылғы 20 қаңтар мен 29 қаңтар аралығында Алатау ауданының аумағында Алатау ауданы ПБ ООБ Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің ұйымдастыруымен «БЫТ» жалпы қалалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіледі.
Іс-шараның мақсаты – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, анықтау және жолын кесу, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғаларға құқықтық және әлеуметтік көмек көрсету.
Іс-шара барысында полиция қызметкерлері тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, профилактикалық есепте тұрған тұлғалармен әңгімелер өткізеді, жәбірленушілерді қорғау бойынша шаралар қабылдайды, оның ішінде қорғау нұсқамаларын шығару және мамандандырылған әлеуметтік және дағдарыс орталықтарына жолдау жүзеге асырылады.
Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық – заңмен тыйым салынған құқық бұзушылық екенін еске саламыз. Әрбір азамат қауіпсіздікке, қорғауға және көмек алуға құқылы. Жәбірленушілерге:
құқықтық көмек;
психологиялық қолдау;
дағдарыс орталықтарында уақытша қауіпсіз баспана;
әлеуметтік және медициналық көмек көрсетіледі.
Егер сіз тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болсаңыз немесе құқыққа қайшы әрекеттердің куәгері болсаңыз, дереу хабарласыңыз:
102 – полиция.
111 – Балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім желісі.
150 – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері бойынша сенім телефоны.
Қоңыраулар анонимді түрде қабылданады. Уақытылы хабарлау ауыр салдардың алдын алуға, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді.
Полиция азаматтарды бей-жай қалмауға және қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді түрде атсалысуға шақырады.

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 21 қаңтардағы
№ 1/1-88 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-428	«Мәдениет» шағынауданы, 294/16 учаске	0,0800
2.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-553	«Мәдениет» шағынауданы, 295/16 учаске	0,0800
3.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-504	«Мәдениет» шағынауданы, 296/16 учаске	0,0800
4.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-497	«Мәдениет» шағынауданы, 297/16 учаске	0,0800
5.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-444	«Мәдениет» шағынауданы, 294/15 учаске	0,0800
6.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-509	«Мәдениет» шағынауданы, 295/15 учаске	0,0800
7.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-606	«Мәдениет» шағынауданы, 296/15 учаске	0,0800
8.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-538	«Мәдениет» шағынауданы, 297/15 учаске	0,0800
9.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-580	«Мәдениет» шағынауданы, 294/14 учаске	0,0800
10.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-588	«Мәдениет» шағынауданы, 295/14 учаске	0,0800
11.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-549	«Мәдениет» шағынауданы, 296/14 учаске	0,0800
12.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-529	«Мәдениет» шағынауданы, 297/14 учаске	0,0800
13.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-526	«Мәдениет» шағынауданы, 294/13 учаске	0,0800
14.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-602	«Мәдениет» шағынауданы, 295/13 учаске	0,0800
15.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-567	«Мәдениет» шағынауданы, 296/13 учаске	0,0800
16.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-599	«Мәдениет» шағынауданы, 294/12 учаске	0,0800
17.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-561	«Мәдениет» шағынауданы, 295/12 учаске	0,0800
18.	Сарсенбеков Абылайхан Берикұлы	20-321-072-579	«Мәдениет» шағынауданы, 296/12 учаске	0,0800
19.	Ахат Гулмира Ганиевна, Ахат Биржан Казыханұлы	20-321-072-2388	«Мәдениет» шағынауданы, Сүлейменов көшесі, 26 учаске	0,0705
20.	Ахат Гулмира Ганиевна, Ахат Биржан Казыханұлы	20-321-072-2888	«Мәдениет» шағынауданы, Сүлейменов көшесі, 23 учаске	0,0800
21.	Ахат Гулмира Ганиевна, Ахат Биржан Казыханұлы	20-321-072-2392	«Мәдениет» шағынауданы, Сүлейменов көшесі, 24 учаске	0,0703
22.	Ахат Гулмира Ганиевна, Ахат Биржан Казыханұлы	20-321-072-2818	«Мәдениет» шағынауданы, Сүлейменов көшесі, 21 учаске	0,0800
23.	Ахат Гулмира Ганиевна, Ахат Биржан Казыханұлы	20-321-072-2386	«Мәдениет» шағынауданы, Сүлейменов көшесі, 22 учаске	0,0703
24.	Ахат Гулмира Ганиевна, Ахат Биржан Казыханұлы	20-321-072-2870	«Мәдениет» шағынауданы, Сүлейменов көшесі 19 учаске	0,0800

Алматы қаласының әкімі
Д.САТЫБАЛДЫ

ЗАМАНАУИ
КАБИНЕТТЕР
АШЫЛЫП ЖАТЫР

Еліміз бойынша мектеп оқулық-тарын цифрлық форматқа көшіру процесі 100%-ға орындалып отыр. Осы ретте оқу материалдарының барлығы мемлекеттік сараптамадан сәтті өтіп, оқу-әдістемелік кешендер тізіміне енгізілді.

Сонымен қатар, цифрлық оқулықтар елдің 13 баспасы ұсынған 11 платформада әзірленді. Жалпы, оқитудың инновациялық әдістерін енгізу үшін педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, мұғалімдер онлайн-ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын арттыра отырып, сабақтарда цифрлық технологияларды, онлайн-коммуникацияларды белсенді пайдаланған көрінеді.

Дәл қазір елімізде, сондай-ақ Алматы қаласында да робототехника, STEM, химия, физика, биология бойынша 1 мың 300 заманауи кабинетті ашу барысында жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Хангелді БЕКТЕНОВ.

ALATAU AQPARAT

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ
Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес
Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ
Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз

Almaty

AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Мұз айдынына КЕЛІҢІЗ!

Алматыда тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстануына кеңінен жағдай жасалуда. Бұл ретте шаһар басшылығы «Спортты Алматы» бағдарламасын негізге алып, кеңінен қолдау көрсетіп отыр. Соның бір дәлелі – қаламыздың 8 ауданында ашылған арнайы мұз айдындары.



Рая
ЕСКЕНДІР

Әр ауданнан ашылған мұз айдындары тұрғындардың қысқы уақыттағы демалуына, қысқы спортпен айналысуына зор мүмкіндік туғызып отыр. Бастама ата-аналар тарапынан қызу қолдау тапты. Себебі, балаларын қала сыртындағы беткейлерден сырғанақ тебуге апаруға әркімнің уақыты бола бермейді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Данияр ӘЛКЕБАЕВ,
Жетісу ауданы әкімінің
орынбасары:

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өскелең ұрпақтың спорттық әлеуетін арттыру жөнінде нақты тапсырмалар мен міндеттер белгіледі. Осынау міндеттерді орындау үшін қазіргі таңда ауданымызда бұқаралық спортты дамытуға, аудан тұрғындары арасында белсенді және отбасылық

демалысты насихаттауға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде атқарылып жатыр. Ауданда ашылған мұз айдындары күн сайын жұмыс істейді.

Ең бастысы – мұз айдынындағы барлық төлем түрі, барлық жас санаттары үшін қолжетімді. Жұмыс күндері әр нысан 200-ден астам келушіні қабылдаса, демалыс және мереке күндері демалушылардың саны екі есеге артады.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!



2026 жылғы 2 ақпаннан бастап «Almaty aqshamy» газетіне жеке және жеңілдетілген тариф бойынша баспа құны негізінде редакция арқылы жазылуға болады. Газеттің әрбір санын Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А мекенжайы бойынша редакцияның Тарату және жарнама бөлімінен ала аласыздар.

Жазылу жұмыс күндері (дүйсенбі–жұма) редакцияның бухгалтериясында қолма-қол төлем жасау арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін өзіңізбен бірге жеке басын және әлеуметтік (жеңілдік) мәртебесін растайтын құжаттарды ұсынсаңыз болғаны. Ал төлем жасалғаннан кейін Сізге жазылу мерзімі көрсетілген құжат беріледі.

Жеке жазылушылар үшін жазылу бағасы:

- 1 айға – 640 теңге.
- 3 айға – 1920 теңге.
- 6 айға – 3840 теңге.
- 12 айға – 7680 теңге.

Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға және көпбалалы отбасыларға арналған жеңілдетілген жазылу құны:

- ◆ 1 айға – 500 теңге.
- ◆ 3 айға – 1500 теңге.
- ◆ 6 айға – 3000 теңге.
- ◆ 12 айға – 6000 теңге

Барлық сұрақ бойынша тарату және жарнама бөліміне хабарласуға болады:
8 (727) 293-08-12. 8 (727) 293-08-25.
8 708 592 02 25, 8 707 766 80 00.

Қоңыраулар жұмыс күндері сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін қабылданады.

Еуропаның ең мәртебелі турнирі – УЕФА Чемпиондар лигасының топтық кезеңі аяқталуға жақын. «Астана арена» стадионында алматылық «Қайрат» Бельгияның бірнеше дүркін чемпионы «Брюгге» клубын қабылдады.



Досбол
АТАЖАН



Рафаэль Уразбахтин шәкірттері бұған дейін өз алаңындағы ойындарын Алматының Орталық стадионында өткізді. Оның ішінде «Реал Мадрид», «Пафос» командаларымен болған кездесулер алматылықтар үшін нағыз мереке сыялады. Алайда, желтоқсан және қаңтар айларында ауа райының қолайсыздығына орай, «Олимпиакос» және «Брюгге» командаларына қарсы өз алаңындағы матчтарын шатыры жабылатын «Астана

БЕТ ҚАРАТПАҒАН «БРЮГГЕ», АЗУЛЫ «АРСЕНАЛ»

Арена» стадионына көшіру туралы шешім қабылдаған. Сондықтан өз алаңындағы соңғы матчын «Қайрат» елордалық стадионда өткізді.

Қазақстан чемпионатының аяқталғанына 2 айдан астам уақыт өтті. Сондықтан ішкі біріншіліктері қыста қыза түсетін еуропалықтарға қарағанда алматылық клуб бабында емес екені анық болды. Сонымен қатар, команданың жас жұлдызы Дастан Сәтпаев жарақатынан толық айықпағандықтан, ойынға қатыса алмады. Негізгі құрамды күшейтетін бірнеше легионердің келісімшарты аяқталып, клубтан кетсе, ал жаңадан келген футболшыларды еурокубоктың топтық кезеңіне бел ортадан тіркеу мүмкін болмады. Сондықтан сарапшылар басымдықты «Брюгге» берді. Дегенмен, қай кезде де үміт үзбейтін қазақстандық жанкүйерлер бұл ойыннан сенсация күтті.

«Қайрат» пен «Брюгге» арасындағы кездесуде Литвадан келген Донатас Румшас бастаған бригада төрешілік етті. Оған қапталда Александр Радиус пен Довидас Сужеделис көмектеседі. Төртінші төреші де сол елдің өкілі Робертас Валиконис болды. Матч алғашқы минуттардан-ақ қонақтардың басымдығымен басталды. Бельгиялықтар әр доп үшін күресіп, «сары-қара» жейделі ойыншыларды қорғаныста қателік жасауға мәжбүрледі. Осылайша 32-минутта «Брюгге» сапынан Александр Станкович есеп ашты. Көп ұзамай, 38-минутта Ханс Ванакен есепті еселеді. Бірінші тайм 0:2 есебімен аяқталды.

Екінші таймда ойын өрнегі қатты өзгере қойған жоқ, 74-минутта Матео Вермант қонақ команда үшін үшінші допты салды. 10 минут өткен соң, 84-минутта Брэндон



Мехеле есепті 0:4-ке жеткізді. Матч тағдыры шешілген соң, алаң қонақтары босаңсып, «қайраттықтар» ойын тізгінін өзіне алды. Бірнеше қайтара шабуылдан кейін кездесудің соңғы секундтарында (90+2) Әділет Садыбеков айып алаңының сыртынан керемет соққы жасап, гол соқты. Ойын нәтижесі – 1:4. Айта кеткен жөн, «Брюгге» командасына қарсы өткен матчта «Қайрат» академиясының ойыншылары Мұхамедәли Әбіш пен Мансұр Бірқұрманов Чемпиондар лигасының негізгі кезеңінде дебют жасады.

Қазірге дейін «Қайрат» Португалияның «Спортингіне» 1:4, Испанияның «Реал Мадридіне» 0:5, Италияның «Интеріне» 1:2,

Грекияның «Олимпиакосына» 0:1, Данияның «Копенгагеніне» 2:3 есебімен жол берсе, Кипрдің «Пафосымен» 0:0 есебімен тең түсті. Осы жеңілістен кейін «Қайрат» жалпы кестеде 1 ұпаймен 36-орында қалып отыр. Ал «Брюгге» 7 ұпаймен 27-орында. Команда еурокубоктың келесі кезеңіне өтуіне әлі де үміті бар. Ол үшін келесі ойында жеңіске жетіп, алғашқы 24 команданың қатарына енуі керек. Енді Рафаэль Уразбахтин шәкірттері үшін осы маусымдағы Чемпиондар лигасының соңғы ойыны Лондонда өтпек. 28 қаңтарда алматылықтар әйгілі «Эмирейтс» стадионында «Арсеналмен» кездеседі.